



Іскерлік әдеп кодексі



ҚазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY — ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

Астана 2025 ж.

Компанияның қызметкерлері басқарушылық шешімдер қабылдауда және күнделікті қызметінде барлық лауазымдық деңгейлерде Кодексте көрсетілген құндылықтарды, принциптерді, ережелер мен мінезқұлық нормаларын басшылыққа алуы керек.



ІСКЕРЛІК ЭТИКА КОДЕКСІ НЕ ҮШІН ЖӘНЕ КІМГЕ АРНАЛҒАН?



Кодекстің ережелері компания мен ЕТҰ-ның барлық қызметкерлеріне қолданылады. Осы Кодекстегі "сіз", "біз" немесе "барлық" үндеуі бәріне жүгінуді білдіреді.

- ✓ Біртұтас команда. Компаниямен бірге алға жылжу.
- ✓ Өзара құрмет пен сенім мәдениеті, бір-бірімен тәжірибе алмасу.

- ✓ Компания ресурстарына ұқыпты қарау.
- ✓ Нәтижеге ең тиімді түрде қол жеткізу.




- ✓ Құқықтық саладағы жұмыс.
- ✓ Қызметкерлерге қамқорлық жасау, міндеттемелерді орындау.
- ✓ Елдің, оның азаматтары мен болашақ ұрпақтарының әл-ауқатына қосқан үлесі.

- ✓ Жұмысшылардың, серіктестердің және қоршаған ортаның қауіпсіздігі.
- ✓ Қауіпсіздік процестерін жетілдіру.

Принциптер

Әдепті мінез-құлық



Жоғары моральдық және этикалық мінез-құлық мәдениетінің нормалары.

Кәсіпқойлық



Қызметкерлер - компанияның басты құндылығы мен ресурсы. Қызметкерлердің біліктілік деңгейін арттыру.

Әділеттілік және меритократия



Жұмысқа ашық қабылдау. Даму және жетістікке жету үшін тең мүмкіндіктер.

Құрмет



Бір-біріне өзара құрметпен қарау.

Ашықтық



Бизнес-процестердегі ашықтық пен транспаренттілік. Қызметкерлер талқылаулар мен диалогқа ашық болуға ұмтылады.

Экологиялық жауапкершілік



Экологиялық заңнаманы қатаң сақтау.

ЕҚ және ӨҚ сақтау



Жұмысшылардың өмірі мен денсаулығына басымдық беру.

Орнықты даму



Әрбір қызметкер өзінің ықпалын сезінуі және тұрақты даму саласында жетілдіруге күш салуы тиіс

Кемсітуге және қысым Көрсетуге тыйым салу



Компанияда қудалауға немесе қорлайтын мінез-құлыққа, кемсітушілікке мүлдем жол берілмейді.

Күнделікті іс-әрекеттерінде Қызметкерлер келесі мінез-құлық ережелерін ұстанады:

- адамның қадір-қасиетін және абыройын құрметтеу;
- әріптестерінің пікірін құрметтеу, жұмыс барысында туындаған мәселелерді теңдік, ынтымақтастық және серіктестік қағидаттарында талқылау;
- іскерлік қарым-қатынаста фамиллярлыққа жол Бермейді, қарым-қатынаста сыпайы және әдепті болу;
- немқұрайлылық пен дәрекілікке төзбеу;
- әріптестерінің жеке немесе кәсіби қасиеттерін талқыламау;
- жалпы қабылданған іскерлік киім стилін ұстану;
- есірткі, алкоголь қолданбау немесе жұмыс орнында мас күйде болмау.
- қызметкерлерге Компанияның қызметін жақсарту үшін Компанияның өзінде қызметтік мақсатта конструктивті сын айтуға тыйым салынбайды.



Жауапкершілік және басшы қызметкерлердің міндеттері:

- қызметкерлер өз құқықтары мен міндеттерін түсінетін мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру;
- жеке үлгісімен әдепті мінез-құлықты және ҚР заңнамасының сақталуын ынталандыру;
- Кодекс ережелерімен қызметкерлердің танысуын, олардың Кодекс қағидаттарын түсінуін және сақтауын қамтамасыз ету;
- бағыныстыларға қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, қадір-қасиетті кемсіту, әдепсіздік және немқұрайлылық фактілеріне жол бермеу;
- ұстамдылық, мейірімділік, айтылымдардағы айқындылықты көрсету, стресстік және жанжалды жағдайларда өзін-өзі лайықты және тыныштықпен ұстай білу;
- Кодекс талаптарының бұзылуын жою үшін дереу шаралар қабылдау.



Коррупциялық тәуекелдерді басқару

- Компанияда кез келген түрдегі және көріністегі сыбайлас жемқорлықты қабылдамау қағидаты бекітіледі («нөлдік төзімділік» қағидаты).
- Қызметкерлердің жеке мүдделері мен олардың кәсіби міндеттері арасындағы қайшылыққа жол берілмейді.
- Қызметкерлер жалпы қабылданған әдептілік және қонақжайлылық нормаларына сәйкес символдық көңіл бөлу белгілері мен кәдесыйларды қоспағанда немесе хаттамалық және өзге де ресми іс-шараларды өткізу кезінде лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты сыйлықтарды немесе қызметтерді қабылдауға құқылы емес.
- Қонақжайлылық көрсету ықпал ету немесе адамды белгілі бір түрде әрекет етуге көндіру үшін арналмаған және қабылданбауы тиіс.



- Әрбір қызметкер Кодекс ережелерімен танысуға міндетті. Барлық қызметкерлер Кодекстің №1 қосымшасы болып табылатын растау формасына қол қоюлары тиіс
- Кодекс ережелерін бұзу Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес қызметкерлерге тәртіптік жаза қолдануға негіз бола алады.



- Компания келесіге кепілдік береді, егер ол Кодекстің сақталмауы және/немесе өзге де бұзушылықтар туралы мәлімет берсе, онда ешбір қызметкер қудалауға ұшырамайды.
- Кодекс қызметкерлер мен мүдделі тараптар өз лауазымдық міндеттерін орындау және Компаниямен өзара қарым-қатынас жасау барысында кездесуі мүмкін барлық ықтимал жағдайлар үшін ұсыныстарды қамтитын ережелердің толық жиынтығы болып табылмайды.

- ❖ **Егер сіз Кодекстің қандай да бір ережелерінің бұзылғаны туралы білсеңіз, онда бұл туралы дереу тікелей басшыңызға немесе көрсетілген байланыс арналары арқылы хабарлауға міндеттісіз.**
- ❖ **Мұндай хабарламалар қудалаудан қорғауға кепілдік бере отырып, құпия және анонимді түрде жасалуы мүмкін.**

❖ Омбудсмен

Тел.: +7 (7172) 78 65 61

Электрондық пошта: ombudsman@kmg.kz

❖ Комплаенс мәселелері бойынша:

Тел.: 8 800 080 47 47

WhatsApp: 8 771 191 88 16

Интернет-портал: www.sk-hotline.kz

Электрондық пошта: mail@sk-hotline.kz

❖ НЫСАНА:

Тел.: 8 800 080 30 30

Интернет-портал: www.nysana.cscck.kz

Электрондық пошта: nysana@cscck.kz